

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина
университеті

Факультет: Жалпы медицина

Кафедра: Жаратылыстану және ғылыми пәндер

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: *Адамға қауіп факторларының әсер ету
ұзақтығын бағалау*

Орындаған: Нәбиева Б.Р 308 “А”

Қабылдаған: Самбаева С.С

Ақтөбе 2015 ж

Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

*- Елді индустриялау, өндірісті
жаңғырту, өндіріс пен технологиялық
процестер*

-Институт қызметінің мәні

III.Қорытынды

IV.Әдебиеттер

Елді индустриялау, өндірісті жаңғырту, өндіріс пен технологиялық процестердің жаңа түрлерінің пайда болуы еңбекті қорғау саласында жаңа әрі күрделі міндеттерді қойып отыр. Қазіргі өмір мен тәжірибе қандай да бір өндіріс ерекшеліктерін тереңірек ұғыну қажеттігін, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша нақты талаптарды зерделеп, қадағалау нәтижелерін қорытындылауды, оларды негіздеп, ғылыми-негізделген гигиеналық нормативтерді әзірлеуді өктем талап етеді.

Мамандандырылған ғылыми-зерттеу базасын жасамай әрі отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы тәжірибені зерделемей, өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіби ауруларды азайту, еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды арттыру шараларын әзірлеу және т.б. мүмкін емес.

Осының бәрінен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында кәсіби ғылыми-зерттеу институтын құру қажет деп пайымдауға тура келді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» (бұдан әрі - Институт) РМҚК құрылған болатын.

*Институт қызметінің мәні: ғылыми зерттеулерді жүргізу; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында нормативтік-құқықтық құжаттама әзірлеу; заңның сақталуына мониторинг жүргізу; өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында оқыту; еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау жөніндегі алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік жұмыс тәжірибелерін насихаттау болып табылады.



*Қазіргі уақытта Институт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 67 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасының» шеңберінде кәсіби ғылыми-зерттеу мекемелерімен бірлесіп еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуде, олардың негізгі міндеттері: еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету; еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру; еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ғылыми қамтамасыз ету болып табылады.

- *Соңғы тоғыз жыл ішіндегі өлім-жітіммен аяқталған өндірістік жарақаттанушылықтың үрдісі диаграмма түрінде берілген. 2005 жылдың қорытындысы бойынша республикада өндірістік жарақаттанушылық 2004 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 8%-ға өсті және 3282 зардап шегушіні құрады, оның ішінде 384-і қайтыс болды, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 28 адамға көбейді деген сөз.*
- *Республика кәсіпорындарындағы жазатайым оқиғалардың жиілігін орташа есеппен*
- *1000 жұмыс істейтін адамға шаққанда 0,085 құрайды және 2003 жылы елеулі төмендей отырып, оның 1997-2005 жылдар бойы динамикасы тұрақты болды.*

* Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес ең ауыр жарақаттар металлургия өнеркәсібі және металлургия өнімдерінің өндірісі кәсіпорындарында алынған, оларда орташа есеппен әрбір зардап шегушіге 41 еңбекке жарамсыздық күнінен, одан әрі отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру кәсіпорындарында - 40 жұмыс күнінен, құрылыс кәсіпорындарында - 38 күннен, отын-энергетикалық пайдалы қазбалар өндірісін қоспағанда, тау-кен өндіру өнеркәсібінде - 36 күннен, көлік және байланыс кәсіпорындарында - 35 күннен және сусындарды, табакты қоса алғанда, тамақ өнімдерінің өндірісінде - 28 күннен келеді.



- * Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша кәсіби аурулар салдарынан 321 адам диспансерлік есепке қойылды. Басқаларының арасында ең көп таралған кәсіби аурулар - омыртқа арасындағы дискілердің зақымдалуы, оның үлесіне 2001 жылы сырқат адамдардың 14%-ы және
- * 2004 жылы 30%-ы келді, одан кейін кәсіби бронхит (жыл сайын 15% -30%), органикалық емес заттардың уытты әсер етуі (13-тен 19%-ға дейін), қолдың вегетативті-сенсорлық (ангионевроз) полиневропатиясы (12-ден 17%-ға дейін) және діріл аурулары
- * (11-ден 13%-ға дейін).



Өндірістің белгілі бір шамамен қарқындануынан жұмысшылар еңбегінің санитарлық-гигиеналық жағдайлары едәуір нашарлайды және соған байланысты жүйке-психикалық ауырсыну пайда болады. Сонымен қоса, қолайсыз өндірістік факторлардың ұзақ уақыт әсер етуі организмнің қорғаныш күштерінің азаюын туындатады.




Тамақтану факторының жұмыс істеушілердің денсаулығы мен оны сақтаудағы маңызы зор, себебі рациондар құрылымы мен сапасы жұмыс ортасының қолайсыз әсерін жандандыруы мүмкін.

Осындай ахуалда емдік-профилактикалық тағамды қолдануға ерекше көңіл бөлінеді. Емдік-профилактикалық тағам химиялық, радиоактивтік, биологиялық және басқа да бөтен заттардың организмге енуіне немесе өндірістің қолайсыз физикалық факторларының әсер етуіне кедергі жасай отырып, организмнің физиологиялық қорғаныш функцияларының (терінің, асқазан-ішек жолдары шырышты қабықшаларының, жоғары тыныс алу жолдарының) артуына септігін тигізетіні белгілі.

Витаминді препараттарды қолдану организмнің жалпы төзімділігін арттыруға, зиянды заттарды организмнен шығару процесін жылдамдатуға, аса қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істеушілерде созылмалы, өндірістік және кәсіби ауруларды асқындырмай, алдын алуға септігін тигізеді

Қорытынды

Өткізілген зерттеулердің қорытындысында емдік-профилактикалық тағамды қолданудың тиімділігі негізделіп, зиянды әрі қауіпті өндіріс жағдайларында жұмыс істейтін металлургия өнеркәсібі жұмыскерлерінің тағам рационын жақсартуға бағытталған профилактикалық шаралар әзірленетін болады.



ӘДЕБИЕТ:

- Медик В.А.,Токмачев М.С.,Фишман Б.Б. Статистика в медицине и биологии. М.: Медицина, 2000.
- Рокицкий П.Ф. Биологическая статистика.- Высшая школа, 1973.
- Стентон Гланц. Медико-биологическая статистика.
Пер.с англ. – М.,Практика, 1998.- 459
стр